

Сейітнұр Ж.С., Ақтаева Н.С.

Қазақстандағы психология тарихі: елеусіз қалған есімдер

Бұл мақалада отандық психология ғылымының тарихында өзіндік орны бар, бірақ психологиялық тарихи әдебиеттер мен оқу құралдарында лайықты көрініс таппаған қазақ ғалымы Ғазиз Ыдырысұлы Айманов (1927 жылы туған) жайлы мағлұматтар беріледі. Ғалымның өмірбаяны мен ғылыми-кәсіби жолы сипатталады және оның психологиялық мұраларына талдау жүргізіледі. Мақалада Ғ.И. Аймановтың ғалым ретіндегі қалыптасуы мен дамуына қатысты саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық және ішкі ғылыми факторлардың әсері мен өзара байланысы ескеріледі. Ғалымның «Орта мектеп оқушыларында көру-қозғалыс анализаторы дамуындағы жас ерекшеліктері» атты тақырыпта қорғаған кандидаттық диссертациясының қысқаша мазмұны келтіріліп, оған психологиялық талдау жасалады. Ғылыми жұртшылықты отандық психология ғылымына қосқан жеке тұлғалардың үлесін бағалау қажеттілігіне назарын аудартады. Сондай-ақ, мақалада авторлар Қазақстандағы психология бойынша алғашқы ұлттық кадрлар даярлау тарихына қысқаша тоқталып кетеді.

Біздің елде тарихи-психологиялық зерттеулердің маңыздылығын ұғыну әлі жеткіліксіз сияқты. Отандық психологтардың еңбектерін насихаттау ісі дұрыс жолға қойылды дей алмаймыз. Өйткені, күні бүгінге дейін психология бөлімінің студенттері шетелдік ғалымдардың еңбектерін жақсы біледі де, ал отандық ғалымдардың есімдері мен еңбектерінен бейхабар. Психологтардың жаңа буыны бейне бір бізде дербес психология ғылымы, оны дамытқан ғалымдар болмағандай ойда қалады. Өкінішке орай, еліміздің психолог мамандарын даярлауда психология ғылымының өткен тарихын жете бағаламау орын алуда. Қысқасы, бұл мақалада қазақ психологы Ғ.И. Аймановтың өмірбаяны, ғылыми әрі кәсіби қалыптасуының негізгі факторлары мен шарттары, психологиялық мұралары біршама қарастырылады.

Түйін сөздер: тарихи-психологиялық зерттеулер, отандық психологтар, психология тарихы, номотетикалық және идиографиялық әдістер, позитивизм, сциентизм, тарихи-ғылыми мәдениетті қалыптастыру.

Seyitnur Zh. S., Akhtayeva N.S.

The history of Kazakhstan psychology: undeservedly forgotten names

The article notes that the history of psychology has a certain place in the domestic history of science, however in the existing historical literature of psychology there is no place to prominent kazakh scientist Gaziz Idrisovich Aimanov, undeservedly forgotten by his companions and followers. In this regard, we would like to fill this gap in the history of Kazakhstan psychology, and remind his name to readers. The article presents the biography of the scientist, discloses social, psychological, cultural, economical and internal factors that influenced the development and formation of G.Aimanov as a scientist, a professional psychologist and educator. A brief psychological analysis of the PhD work content on theme: "Peculiarities of visual and motor analyzers' development of high school students" was given. The article draws attention of the scientific community to the names who significantly contributed to the development of domestic psychology and training of the psychological and pedagogical staff of the Republic of Kazakhstan. A brief historical overview of the training of psychological personnel in the country was given. In this series were presented the following names of Kazakh scientists. And as a historical fact, an example of necessity to revive the forgotten names, was presented life path of G.I.Aimanov – the graduate of the former Kazakh State University named after S.M.Kirov, faculty of logic and psychology, who will celebrate his 90 years in the coming year (2017).

Key words: historical and psychological research, domestic psychology, history of psychology, nomothetic and ideographic research, positivism, scientism, the cultural-historical theory.

Сейитнұр Ж. С., Ахтаева Н.С.

История психологии Казахстана: незаслуженно забытые имена

В статье отмечается, что в истории отечественной науки история психологии имеет определенное место, однако в имеющейся исторической литературе по психологии не нашлось места видному казахстанскому ученому Газизу Идрисовичу Айманову, незаслуженно забытым его соратниками и последователями. В связи с этим, мы хотели восполнить этот пробел в истории психологии Казахстана и напомнить читателям о его имени. Раскрыты социально-психологические, культурно-экономические и внутренние факторы, оказавшие влияние на развитие и формирования Г.И. Айманова как ученого, профессионального психолога и педагога. Статья обращает внимание научной общественности на имена личностей, которые внесли существенный вклад в развитие отечественной психологической науки и в подготовку психолого-педагогических кадров Республики Казахстан.

Ключевые слова: историко-психологические исследования, отечественные психологи, история психологии, номотетические и идеографические исследования, позитивизм, сциентизм, культурно-историческая теория.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ПСИХОЛОГИЯ
ТАРИХЫ: ЕЛЕУСІЗ
ҚАЛҒАН ЕСІМДЕР**

Жалпы Қазақстандағы психология ғылымының дамуына, әсіресе республика үшін психолог кадрларды дайындауда еліміздің тұңғыш университеті – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың алатын орны ерекше. Өйткені, қазақ ұлтының алғашқы дипломды психологтарын даярлау нақ осы жоғары оқу орнында 1947-1953 жылдары арасында жүзеге асты.

Тарихтан білетініміздей, бұрынғы Кеңес Одағында 1946 жылы «Орта мектепте логика және психология оқыту туралы» ВКП (б) Орталық Комитетінің қаулысы шыққан еді [1]. Соған сәйкес осы пәндерді оқыту Кеңес Одағының барлық орта мектептеріне енгізіле бастады. Психология пәнін оқыту 1947/48 және 1948/49 оқу жылында Мәскеу, Ленинград және Кеңес Одағының басқа да көптеген ірі қалаларында қолға алынды. Алғашқы жылы психология пәні тек 10 сыныпқа жүргізілді, оған бар жоғы 33 оқу сағаты бөлінді. Тәжірибе көрсеткендей бұл психология бойынша білімдерді толыққанды меңгеруге жеткіліксіз болып шықты. Ал 1948/49 оқу жылынан бастап, психологияны оқыту 9 сыныпты қамтиды және оған бөлінген сағат саны 66 сағатқа дейін өсті. 1949/50 оқу жылында психология пәні барлық қаладағы орта мектептерде және 1950-51 оқу жылында барлық ауылдық орта мектептерге енгізілді. Бұрынғы Кеңес Одағының барлық орта мектептерінің оқу бағдарламаларына психологияны кіргізу психологиядан сабақ бере алатын педагогикалық кадрларды тез дайындауды қажет етті. Бастапқыда қысқа мерзімді оқу курстарына тәжірибелі педагогтарды, негізінен әдебиет, тарих, биология пәндері бойынша сабақ беретін мұғалімдерді тарта бастады. Кейін бұл аздық еткендіктен мұғалімдердің білімін жетілдіру институттарында психология бойынша біліктілікті арттыру курстары құрылды. Ары қарай жоғары оқу орындарының кейбір факультеттерінде логика және психология бөлімдері ашылды. Сондай тарихи оқиға Қазақстанда да орын алды. Жоғары тараптан түскен бұйрықты орындау мақсатында Алматыдағы бүгінгі Қазақ ұлттық университетінде логика мен психология бөлімі ашылды. Университеттің филология факультетінде психолог мамандарын даярлау қолға алынды. Мәселен, «Орыс тілі» мамандығы бойынша оқыған студент қосымша психология және логика оқытушысы біліктілігін қатар алды.

Сөйтіп, тұңғыш рет Қазақстан аумағында 1947 жылы психология бөлімі дүниеге келді. 1951 – 1953 жылдар арасында осы бөлімді жүзге жуық адам бітіріп шықты. Олардың көбі еліміздің түпкір-түпкірінде жоғары және орта арнаулы оқу орындарында психология пәні бойынша оқытушылық қызмет атқарды. Солардың бірі – 1952 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да психология, логика және қазіргі орыс тілі мамандығы бойынша даярланып шыққан Ғазиз Ыдырысұлы Айманов. Еліміздің тарихи оқулықтарына енбей қалған ғалымның қысқаша өмірбаянына тоқтала кетейік.

Ғ.Ы. Айманов 1927 жылы ақпанның 1-ші жұлдызында Павлодар облысы, Лебяжі ауданы, Түс ағаш ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Кіші ғылыми қызметкер, орта мектеп және жоғары оқу орны оқытушысы. Ғ.Ы.Айманов өзінің еңбек жолын 1952 жылдың маусым айынан Н.К.Крупская атындағы (бүгінгі таңда Шәкәрім атындағы) Семей мемлекеттік педагогикалық институтының қабырғасында бастады. Жалпы 1937 жылы құрылған бұл жоғары оқу орнының өте мазмұнға толы бай тарихы бар. Мұнда есімдері Одақ көлеміне белгілі педагогика және психология саласындағы ғалымдар қызмет еткен. Мәселен, 1944-1948 жылдары аралығында Семей педагогикалық институтында педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі әрі профессоры болып А.П.Нечаев (1870-1948) қызмет атқарған екен. Ол Ресейдегі эксперименттік педагогиканың негізін қалаушы, тұңғыш рет 1901 жылы Санкт-Петербург қаласында эксперименттік педагогикалық психологияда лаборатория ашқан көрнекті психолог-ғалым. А.П.Нечаевтың ұйымдастырушылық қабілеті мен қажыр-қайратының молдығы сондай педагогикалық психология саласы тарихында айтарлықтай үлкен із қалдырғаны белгілі. Ол 1907 жылы Петербургте Педагогикалық академияны құрды және педагогикалық психология пәні бойынша 5 бүкілресейлік съезд өткізді (1905-1917 ж., Петербург). Осындай танымал ғалымдар жұмыс істеген оқу орнында Ғ.Ы.Айманов та қызмет етті. Ол осы Семей мемлекеттік педагогикалық институтында аға ассистенттен бастап кафедра меңгерушісі, ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор қызметіне дейін көтерілді. Соңғы кезге дейін аталмыш институттың психология-педагогика факультетінің доценті болып келді. Ғалым-психолог Семей қаласындағы жоғары оқу орындарында жас оқытушыларға өз тәжірибесін аянбай үйретіп келе жатыр. Екі тілде қатар оқыта алатын ардақты ұстаз 18 пәннен сабақ береді екен.

Ғ.Ы. Айманов 1961-1964 жылдары аралығында В.И.Ленин атындағы Мәскеудің мемлекеттік педагогикалық институтында «психология» мамандығы бойынша аспирантурада оқиды. 1966 жылы ақпанда сол уақыттағы Кеңес Одағының педагогика-психология саласындағы көрнекті ғалымы, педагогика ғылымының докторы, профессор Е.И. Игнатъевтің жетекшілігімен «Орта мектеп оқушыларында көру-қозғалыс анализаторы дамуындағы жас ерекшеліктері» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады [2]. Ғалымның тұлғалық қалыптасу процесінде ғылыми жетекші мен аға әріптестері елеулі рөл алатыны белгілі. Олар жас ғалым үшін үлгі бола алады, тікелей белгілі бір құндылықтарды қалыптастыруға әсер етеді. Нағыз ғалым адамы болашақ ғалымдарды ғылымда табысқа жетуде басқа мақсаттар мен құндылықтарды көздеп емес, мәселен, атақ пен даңққа ұмылу сияқты, тек ғылыми ақиқатқа жету үшін қызмет етуге ынталандырады. Рөлдік мәртебеден көрі ішкі мотивацияны жоғары қояды, соны қалыптастыруға тырысады. Қазақ психологы Ғ. Айманов бүкіл өмір бойында ғылыми норманың биік мұраттарына адал екендігін көрсетті. Әйтпесе, кейбір ғалымдардың мінез-құлықтарының шынайы ғылымның жоғары мұраттарынан тым алшақ болуы жастарда когнитивтік диссонанс пен екі жақты сезімді тудырады.

Бұл зерттеу жұмысы педагогикалық психология саласы бойынша бұрынғы Кеңес одағының астанасы – Мәскеу қаласында алғаш рет қазақ ұлтының өкілі қорғаған диссертация. Зерттеу орта мектеп оқушыларының көру-қозғалыс талдағыштары дамуының олардың жасына орай қандай ерекшеліктерге ие екендігін анықтауға бағытталған. Өйткені, көру-қозғалыс анализаторларының дамуы балалардың ақыл-ойы дамуына қажетті алғышарттарды және олардың практикалық іс-әрекетін жетілдіруге, қабілеттердің жан-жақты болып қалыптасуына мүмкіндік береді. Оқу іс-әрекетінің табысты болуы балаларда осы талдағыштардың даму деңгейіне тікелей байланысты. Диссертация барысында төмендегідей мәселелер анықталды:

1. Әртүрлі жастағы балалардың көру-қозғалыс анализаторлары жұмысының сипаты жаттығу барысында қалай өзгередіні.

2. Оқушылардың көру-қозғалыс анализаторлары жаттығушылығында қандай дара және жас ерекшеліктері мен айырмашылықтары бар.

3. Орта мектептің оқушысында көру-қозғалыс талдағыштарының неғұрлым жетілген қызметін қалыптастырудың қандай жолдары бары.

Қазақ зерттеушісі ең алдымен бұл мәселенің тарихына терең талдау жасайды. Көру қабылдауымен кеңістікті қабылдаудағы бұлшықет сезімдеріне арналған шетелдік, революцияға дейінгі орыс ғалымдары мен кеңестік психологтар мен физиологтардың жұмысына өзінің көзқарасы мен қатынасын білдіреді. Әсіресе, И.М.Сеченов пен И.П.Павловтың көру және қозғалыс қабылдауын зерттеудегі рефлекторлық идеясына кеңірек тоқталады. Ал кеңестік психологтар ішінен Б.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев, Е.Н.Соколов, А.А.Люблинская, Н.М.Яковлев және тағы басқа зерттеушілердің еңбектеріне ерекше мән беріп қарастырады. Ғ.Ы.Аймановтың пайымдауынша, оған дейін бұрын-соңды ешбір психолог-ғалым өз зерттеулерінде оқу жасындағы балалардағы көру-қозғалыс анализаторларының жасқа байланысты ерекшеліктерін арнайы зерттемеген көрінеді. Қазақстандық диссертанттың жылдар бойына жүргізген зерттеуінің мектеп практикасына қаншама маңызы бар екендігін ресми оппоненттері профессор Н.Д.Ливитов пен доцент А.С.Бородулина ерекше атап өтеді.

Ғ.Ы. Айманов эксперименттік зерттеуін Семей қаласының №1 мектеп-интернатының I, III, V, VII, IX сынып оқушылары арасында жүргізді. Барлығы 5800 дара эксперимент өткізіледі. Зерттеу әдістемелері жайына тоқталсақ, ізденуші Руппа аппараты, Меде треметрі және тағы бірнеше аспаптарды пайдаланған екен. Зерттеуші ғалым эксперимент барысында алған қорытындыларын кесте түрінде көрсетеді. Оқушылардың жаттығу барысындағы көру-қозғалыс анализаторларының көрсеткіштері жас ерекшеліктерге тәуелді екендігі толық дәлелденеді. Көру-қозғалыс қабылдау қалыптасуы бірнеше фазадан тұрады екен: иррадиация, концентрация және тұрақтану. Көру-қозғалыс анализаторының қызметінің жақсару процесі жаттығудың екінші фазасында орын алады. Бұл фазада қателіктер азайып, көру-қозғалыс талдағышы жұмысының дәлдігі артады. Бірте-бірте динамикалық стереотип қалыптасады. Көру-қозғалыс іс-әрекетінің жақсаруы тапсырманы орындау үшін неғұрлым дұрыс әдіс-тәсілді табуға бағытталады. Ал үшінші фазада ми қыртыстары процестері тұрақтанып, динамикалық стереотип бекітіледі. Сыналушы меңгерген әрекет жатталған түрге айналады. Сонымен, балаларды оқыту процесі барысында мақсатты тұрғыда жүйелі жаттықтыру оқушылардың көру-қозғалыс анализаторлары қызметін жақсартады екен. Демек, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жетілдіруге мүмкіндік

туады. Диссертацияда эксперименттегі тапсырмаларды орындаудағы оқушылардың көзі мен қолы қызметі қалай атқарылатыны баяндалады. Оның бәріне егжей-тегжейлі тоқтамай-ақ, қысқаша айтсақ, қол мен көздің үйлесімді жұмысы көру қозғалыс қабылдауында маңызды орын алады. Оқушылар айнасы бар ақпаратта тапсырма орындау барысында күрделі психологиялық жағдайға тап болды. Қол мен көз арасында жаңа ассоциативтік байланыс орнату қажеттілігі туындайды. Зерттеуші ғалымның пікірінше, көру-қозғалыс қабылдауын меңгерудің негізгі және маңызды психологиялық ерекшелігі оқушының тапсырманы қатесіз орындауға деген бағдары мен қадағалау дағдысы. Көру-қозғалыс қабылдауын меңгерудің екінші бір психологиялық ерекшелігі оқушының өз қателігін өте шапшаң айқындауында жатыр. Жаттығуды қайталау оқушыларда дұрыс байланыстарды бекітуге мүмкіндік береді. Сөйтіп, адамның көру-қозғалыс анализаторы табиғатынан еш өзгермейтін, туа біткен ағза емес, ол үнемі дамып өзгеріске ұшырайтын дүние. Оның даму шарты – жаттығу. Кеңес ғалымдары дәлелдегендей, көру-қозғалыс анализаторының дамуы баланың белгілі бір іс-әрекетінің нәтижесі болып табылады.

Диссертацияда оқушылардың сабақта жұмыс атқару ерекшеліктеріне байланысты анализаторларды қалай түзетіп тәрбиелеуге болатыны эксперимент арқылы анықталды. Оқушылардың сызу, сурет, еңбек сабақтарында қимыл-қозғалыстарын, іс-әрекеттерін мұғалім қадағалап, қателіктерін көрсетіп, дұрыс орындау жолдарын көрсетіп отырса, көру-қозғалыс талдағыштар қызметін жақсартуға болады.

Автордың зерттеу қорытындыларына байланысты бірнеше мақалалары одақтық, республикалық баспасөздерде жарық көрді. Мәселен, еліміздің педагогика мен психология саласы бойынша ғылыми-теориялық ойдың дамуына елеулі үлес қосқан Қазақ КСР жоғары және арнаулы орта білім Министрлігінің органы болып табылатын «Педагогика және психология» жинағында 1963 жылы (3 шығарылым) Ғ.Ы. Аймановтың «Орта мектеп оқушысының көру-қозғалыс қабылдауы жаттығушылығының жасқа байланысты айырмашылықтары» атты мақаласы жарияланды. Аспиранттар мен ізденушілерге арналған бұл жинақтың 1965 жылғы 3-ші шығарылымында автордың орыс тілінде тағы екі мақаласы жарық көреді («Көру-қозғалыс қабылдауын қалыптастыру», «Орта мектеп оқушыларында көру-қозғалыс талдағыштары жаттығуындағы дара айырмашылықтар»).

Қазақстанда 1925 жылдан бастап шығып келе жатқан ғылыми-педагогикалық «Қазақстан мектебі» журналында Ғ.Аймановтың 4 зерттеу мақаласы жарық көрді. Соның ішінде қазақ тілінде жазылған «Оқушылардың көру-қозғалыс қабылдауының қалыптасуы мен дамуының жасқа және жеке дара ерекшеліктерге байланысты өзгешеліктері» атты мақаласына («Қазақстан мектебі», 1965, №7) арнайы тоқтала кетейік.

Бұл мақалада автор орта мектеп оқушысының көру-қозғалыс талдағышы дамуындағы шәкірт жасына орай болатын айырмашылықтарды анықтаған эксперименттік зерттеу нәтижелерін баяндайды. Мектептегі оқыту процесі оқушының сезімдік танымына үлкен талаптар қояды. Өйткені, шәкірттің көру-қозғалыс талдағыштары қатынаспайтын мектепте бірде-бір іс-әрекет пен оқу пәндері жоқ. Әсіресе, көру және қозғалыс талдағыштарының политехникалық оқытудағы рөлі ерекше. Оқушылардың оқу және еңбек іс-әрекеттерінің табысты әрі жемісті, нәтижелі болуы осы анализаторлардың мүмкіндігіне тікелей тәуелді. Егер мұғалім шәкірттерінің көру-қозғалыс талдағыштарының олардың жасына және дара ерекшеліктеріне қарай түрліше болып келетінін ескеріп отырса, онда оқушының сабақта қажетті дағдылар мен ептіліктерді меңгеруіне неғұрлым қолайлы жағдай жасау мүмкіндігіне ие болар еді. Эксперимент нәтижесінің педагогикалық мәні мынаған келіп саяды: Мектептегі политехникалық оқыту бағдарламасына кіретін еңбек операциялары өзінің мазмұны мен психологиялық құрамдас бөліктері жағынан әр алуан болып келеді. Олардың орындауда оқушылардың көру-қозғалыс анализаторлары міндетті түрде қатысады. Сондықтан, осы анализаторлар жұмысының ерекшеліктерін анықтау тек теориялық қана емес, үлкен практикалық мәнге ие.

Ғазиз Ыдырысұлы Айманов 1966 жылдан бастап педагогика ғылымдарының кандидаты, психология бойынша ғылыми дәрежесіне ие. 1967 жылы педагогика және психология кафедрасының доцент атағын иеленді. 1972, 1976, 1984 жылдары КСРО педагогикалық ғылым академиясында ғылыми педагогикалық біліктілігін жетілдіруден өтеді. Сондай-ақ, Мәскеу мемлекеттік педагогикалық институтында ғылыми педагогикалық біліктілікті арттыру факультетінде 1974, 1978, 1984 жылдары психология мамандығы бойынша дәріс алып, білімі мен білігін көтереді. Ғалым еліміздің білім министрлігі жанында ұйымдастырылған педагогика психология кафедраларының меңгерушілерінің семинар-кеңесінде және ғылыми-педагогикалық біліктілікті арттыру ин-

титутында басқару іс-әрекеті жалпы үлкен тәжірибе жинақтайды. Аталмыш орындарда оқу үйрену барысында Кеңес одағының жетекші өкілдерінің арнайы семинарларына қатысып, психология мен педагогиканың өзекті проблемаларына рефераттар жазады. Сондай-ақ, КСРО, ФПКА, МГУ-дің психология факультеті сияқты мекемелерде Батыс елдерінен келген психолог-педагог ғалымдардың дәрістерін тыңдайды.

Біз бұл мақалада қазақ психологы Ғ. Аймановтың күллі өмір жолы мен ғылыми психологиялық мұрасын толық ашып зерттедік дей алмаймыз. Бұл тек болашақ психолог тарихшыларының тамаша ғалым тұлғасына деген қызығушылығын оятып, назар аудартуды көздеген шағын зерттеу ғана. Біздің еліміздің тарихи-психологиялық әдебиеттері мен ғылыми зерттеулерінде жеткілікті қарастырылмаған мәселелер әлі де баршылық. Соның бірі – отандық ғалым Ғ. Аймановтың ғылыми мұралары. Ол арнайы зерттеу пәніне айналған жоқ.

Жалпы ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, Қазақстанда отандық психология тарихын зерттеген еңбектер саны соншалықты көп емес. Тек XX ғ. 50-60 жылдарынан бастап елімізде тарихи-психологиялық зерттеулер жүргізіле бастады. Оның негізін қалаған 1948-53 жылдары ҚазМУ-дың ректоры және педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған Төлеген Тәжібаев (1910-1964) еді. Бүгінде бұл бағытта жұмыс жасаған бірқатар отандық ғалымдар болғанымен (Қ.Б. Жарықбаев, А.Т. Ақжанова, В.В. Чистов, А.Ж. Мірәлиева, Ж.Н. Сабирова, Ж.С. Сейітнұр, Н. Иманғалиева және т.б), бірақ 2010 жылы Қазақстанда дәстүрлі ғылыми диссертациялық кеңестердің жабылуы және жаңа батыстық жүйеге көшуге байланысты тарихи-психологиялық зерттеулер тежеліп қалды десе де болады. Бірнеше ғылым салалары бойынша жарық көрген тарихи еңбектерді талдап отырсақ, мынадай қорытындыға келуге болады: бүгінгі таңда Қазақстанда негізінен филология ғылымында, соның ішінде қазақ әдебиетінде тұлғатану саласы біршама қалыптасқан екен, сондай-ақ педагогика ғылымы өз тарихын зерттеу ісін жақсы жолға қойыпты. Әсіресе, педагогтардың ғылым тарихына қатысты жарық көрген бірнеше оқулықтары бар және олар оқу процесінде белсенді қолданылады. Оның үстіне, оқу жоспарларында педагогика тарихы міндетті оқыту пәндері қатарына жатады. Бұл студенттердің тарихи ойлауын қалыптастырады, өткенге құрмет көрсетуге тәрбиелейді. Тіпті

тарихи-педагогикалық зерттеулерден тұратын диссертациялардың үлес салмағы басқа аспектілерді қамтудан да жоғары. Ал бізде тарихи-психологиялық зерттеулер аз және олардың ғылыми-теориялық деңгейін көтеру қажеттілігі білінеді. Жалпы еліміздің психолог мамандарын даярлауда психология ғылымының өткен тарихын жете бағаламау, оның маңызын түсінбеу әлі орын алуда. Мәселен, психология тарихы оқу пәні ретінде оқу жоспарларында қарастырылмаған. Теориялық талдаулар көрсеткендей, психология тарихы – гуманитарлық білімдер саласы, сондықтан оның әдіснамалық негізі гуманитарлық таным қағидалары мен принциптері болып табылады). Оның өзіне тән ерекшелігі бар (мәселен, номотетикалық және идиографиялық әдістерді ажырата білу маңызды). Өкінішке орай, біздің психолог ғалымдарымыздың ойлау жүйесінде жаратылыстану ғылымдарына тән парадигма берік орнаған (позитивизм, сциентизм). Нәтижеде болашақ ғалымдардың, ізденушілердің тарихи-ғылыми мәдениетін қалыптастыру назардан тыс қалып қойды.

Мақаламызды қорытындылай келсек, Шәкәрім атындағы Семей педагогикалық институтында психология-педагогика факультетінің доценті қызметін атқарып келген аға буын психологтар өкілдерінің бірі, 90 жасқа жетіп қалған Ғазиз Ыдырысұлы Айманов еліміздегі педагогика-психологияның дамуына өзіндік үлес қосты. Оның Қазақстандағы педагогикалық психологиядағы эксперименттік зерттеудің бастауында тұрған ғалым ретіндегі рөлін ерекше айта кету керек. Кейінгі ұрпақ психология ғылымы жолында қажырлы еңбек еткен осындай жандардың есімі мен еңбегін әрдайым есте ұстауға тиіспіз. Шет аймақтық жоғары оқу орындарында қызмет етті екен деп олар ғылыми жұртшылықтың назарынан тыс қалмауы керек. Қарапайымдылық пен кішіпейілдік адамды сұлуландыра түседі десек те, мұндай зиялы ғалымдар отандық психология тарихында лайықты бағасын алуы тиіс. Сондықтан психологтардың кейінгі буыны – мұндай ардагерлерімізді ұмытпауымыз керек. Ғылым тарихын зерттеудің адамгершілік мән-мағынасы осында жатыр.

Әдебиеттер

- 1 О преподавании логики и психологии в средней школе: ВЦК ВКП(б): Постановление от 03.12.1946 // Народное образование. – 1946. – № 11-12. – С. 67-68.
- 2 Айманов Г.И. Возрастные особенности развития зрительно-двигательного анализатора у учащихся средней школы [Текст]: Автореферат дисс. на соискание учен. степени кандидата пед. наук (по психологии) / Моск. гос. пед. ин-т им. В.И. Ленина. – М., 1965. – 20 с.

References

- 1 About teaching of logic and psychology in high school: VTSK VKP (b): Resolution of 03.12.1946 // Education. – 1946. – № 11-12. – S. 67-68.
- 2 Aimanov G.I. Age features of visual-motor analyzer development of high school students [Text]: Abstract diss. on scientific. the degree of the candidate ped. Science (psychology) / Moscow state. ped. Inst named after Lenin. – M., 1965. – 20 p.